



АҚ «Қ. Құлажанов атындағы қазақ технология және бизнес университеті»

**САПА МЕНЕДЖМЕНТІ ЖҮЙЕСІ**

Іс-қимыл тәртібі туралы ереже

Академиялық сапа жөніндегі кеңестің және факультеттердің академиялық сапа жөніндегі комиссияларының қызметі туралы ереже

XC ISO 9000:2015  
XC ISO 9001:2016  
XC ISO 37001:2016

ҚазТБУ-ББББ-ІҚТТЕ-5.3-2025-03

Күні «18» маусым 2025 ж.



**БЕКІТЕМІН**

Қ. Құлажанов атындағы  
«ҚазТБУ» АҚ Ректоры

Л.К. Байболова

маусым 2025 ж.

**САПА МЕНЕДЖМЕНТІ ЖҮЙЕСІ  
АКАДЕМИЯЛЫҚ САПА ЖӨНІНДЕГІ КЕҢЕСТІҢ ЖӘНЕ  
ФАКУЛЬТЕТТЕРДІҢ АКАДЕМИЯЛЫҚ САПА ЖӨНІНДЕГІ  
КОМИССИЯЛАРЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ  
ҚазТБУ-ББББ-ІҚТТЕ-5.3-2025-03**

**КЕЛІСІЛДІ**

Э.Б. Аскарбеков  
АСЖ Проректор  
Э.Б. Аскарбеков  
«18» маусым 2025 ж.

Астана, 2025

Нұсқа: \_\_\_\_\_

КЭ: \_\_\_\_\_

«Google диск» бойынша тіркеу № \_\_\_\_\_

## АЛҒЫ СӨЗ

Осы Ереже Білім беру бағдарламалары басқармасымен әзірленген.

Осы Ереженің талаптары оқу процесін қамтамасыз ететін барлық құрылымдық бөлімшелер үшін міндетті болып табылады.

Осы Ереже «Қ. Құлажанов атындағы ҚазТБУ» АҚ құжаттамасының құрамына кіреді.

Осы Ереженің мерзімді тексерісі ББББ басшысымен 3 жылдан аспайтын аралықта жүргізіледі.

Осы Ереже «Қ. Құлажанов атындағы ҚазТБУ» АҚ ректорымен бекітіледі және бекітілген күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Осы Ережеге өзгерістер «Қ. Құлажанов атындағы ҚазТБУ» АҚ қызметінде оны қолдану нәтижелері бойынша әзірленеді.

2024 жылғы 29 ақпандағы № 7 Ғылыми кеңес отырысының шешімімен бекітілген ҚА 20-05.09-2022 «Қ.Құлажанов атындағы ҚазТБУ» АҚ сапаны қамтамасыз ету кеңесінің және факультеттердің сапасын қамтамасыз ету жөніндегі комиссияларының қызметі туралы ереже» құжатының күші жойылды деп танылсын.

## МАЗМҰНЫ

Алғы сөз	2
1. Құжаттың атауы	4
2. Әзірлеуші	4
3. Құжатты әзірлеу мақсаты	4
4. Нормативтік сілтемелер	4
5. Терминдер мен анықтамалар	5
6. Қолданылған қысқартулар	5
7. Жалпы ережелер	6
8. Академиялық сапа жөніндегі кеңестің қызметі	6
9. Факультеттердің академиялық сапасы жөніндегі комиссияларының қызметі	8
10. Құқықтар	10
11. Процеске байланысты тәуекелдер және тәуекелдердің алдын алу әрекеттері	11
12. Жауапкершілік және өкілеттік	11
Келісу парағы	13
Танысу парағы	13
Тіркеу өзгерістерінің парағы	14
Мерзімдік тексерулерді есепке алу парағы	14

## 1. ҚҰЖАТТЫҢ АТАУЫ

1.1 «Академиялық сапа жөніндегі кеңестің және факультеттердің академиялық сапа жөніндегі комиссияларының қызметі туралы ереже» ҚазТБУ-ББББ-ІҚТТЕ-5.3-2025-03

## 2. ӘЗІРЛЕУШІ

2.1 Білім беру бағдарламалары басқармасы

## 3. ҚҰЖАТТЫ ӘЗІРЛЕУ МАҚСАТЫ

3.1 «Қ. Құлажанов атындағы ҚазТБУ» АҚ Академиялық сапа жөніндегі кеңесінің және факультеттердің академиялық сапа жөніндегі комиссияларының қызметіне қойылатын талаптарды регламенттеу.

## 4. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

- 4.1 ХС ISO 9001:2015 Сапа менеджменті жүйесі. Талаптар;
- 4.2 ХС ISO 9000:2015 Сапа менеджменті жүйесі. Негізгі ережелер мен сөздік;
- 4.3 ХС ISO 37001:2016 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы менеджмент жүйесі - Қолдану бойынша талаптар мен ұсыныстар;
- 4.4 ҚР 2007 ж. 27.07 № 319-III «Білім туралы» Заңы (2025 ж. 15.04 өзгерістері мен толықтыруларымен);
- 4.5 ҚР 2015 ж. 23.11 №414-V ҚРЗ Еңбек кодексі (2025 ж. 19.05 өзгерістері мен толықтыруларымен);
- 4.6 ҚР Үкіметінің 2023 ж. 28.03 № 248 Қаулысы «Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы» (2024 ж. 14.06 өзгерістері мен толықтыруларымен);
- 4.7 ҚР БҒМ-нің 2018 ж. 30.10 № 595 Бұйрығы «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» (2024 ж. 24.06 өзгерістері мен толықтыруларымен);
- 4.8 ҚР ҒЖБМ-нің 2022 ж. 20.07 № 2 Бұйрығы «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (2025 ж. 22.04 өзгерістері мен толықтыруларымен);
- 4.9 ҚР БҒМ-нің 2011 ж. 20.04 № 152 Бұйрығы «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» (2025 ж. 26.03 өзгерістері мен толықтыруларымен);
- 4.10 ҚР БҒМ-нің 2015 ж. 20.03 № 137 Бұйрығы «Білім беру ұйымдарына қашықтықтан оқытуды ұсыну жөніндегі талаптарды және қашықтықтан оқыту бойынша және жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары бойынша онлайн-оқыту нысанында оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» (2024 ж. 21.05 өзгерістері мен толықтыруларымен);
- 4.11 ҚР БҒМ-нің 2015 ж. 17.06 № 391 Бұйрығы «Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесін бекіту туралы» (2024 ж. 05.01 өзгерістері мен толықтыруларымен);
- 4.12 ҚР БҒМ-нің 2022 ж. 12.10 № 106 Бұйрығы «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында іске асыратын білім беру бағдарламаларының тізілімін жүргізу қағидалары, сондай-ақ білім беру бағдарламаларының тізіліміне енгізу мен одан алып тастау негіздерін бекіту туралы» (2023 ж. 27.06 өзгерістері мен толықтыруларымен);
- 4.13 ҚР БҒМ-нің 2018 ж. 13.10 № 569 Бұйрығы «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының сыныптауышын бекіту туралы» (2023 ж. 21.07 өзгерістері мен толықтыруларымен);
- 4.14 «Академиялық саясат» ҚазТБУ-ОҮЖ-ЕСБ-8.3/8.1-2025-01;

4.15 «Қ.Құлажанов атындағы ҚазТБУ» АҚ-ның Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты;

4.16 Білім беру қызметінің ішкі сапасын қамтамасыз ету саясаты ҚазТБУ-ББББ-ІҚТТЕ-8.3/8.1-2025-34.

### 5. ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

<b>Терминдер</b>	<b>Анықтамалар</b>
<b>«Қ.Құлажанов атындағы ҚазТБУ» АҚ Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты</b>	«Қ.Құлажанов атындағы ҚазТБУ» АҚ қызметіне қоғамның сенімін арттыру, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайтуға бағытталған құқықтық, әкімшілік және ұйымдастырушылық шаралар жүйесі
<b>Академиялық саясат</b>	студентке бағытталған оқытуды іске асыруға және білім беру сапасын арттыруға бағытталған білім беру қызметін жоспарлау және басқару, сондай-ақ оқу процесін тиімді ұйымдастыру бойынша шаралар, ережелер мен рәсімдер жүйесі
<b>Оқыту мен білім беру сапасына мониторинг</b>	профессорлық-оқытушы құрамның (ПОҚ) педагогикалық қызметінің нәтижелері мен оның жетістіктерінің білім беру саласындағы нормативтік құқықтық актілердің талаптарына, «Қ.Құлажанов атындағы ҚазТБУ» АҚ қызметкерлері лауазымдарына қойылатын біліктілік талаптарына, «Қ.Құлажанов атындағы ҚазТБУ» АҚ ішкі құжаттарының талаптарына сәйкестігін қадағалау процесі
<b>Сапаны арттыру</b>	процестердің нәтижелілігі мен тиімділігін тұрақты түрде жақсартуға бағытталған жүйелі қызмет
<b>Сапа менеджменті жүйесі</b>	менеджмент жүйесінің сапаға бағытталған бөлігі
<b>Студентке бағытталған оқыту</b>	болашақ мамандықтың талаптарына және білім алушының мүмкіндіктеріне сәйкес оқыту бағдарламалары мен технологияларын қалыптастыру

### 6. ҚОЛДАНЫЛҒАН ҚЫСҚАРТУЛАР

<b>Қысқартулар</b>	<b>Толық атауы</b>
<b>Университет</b>	«Қ.Құлажанов атындағы Қазақ технология және бизнес университеті» АҚ
<b>АС</b>	Академиялық саясат
<b>ҚА</b>	Құжатталған ақпарат
<b>ДЖ</b>	Дипломдық жоба
<b>ДЖ</b>	Дипломдық жұмыс
<b>ӘБП</b>	Әкімшілік-басқару персоналы
<b>ЖБ</b>	Жоғары білім
<b>ҚР МЖББС</b>	Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты
<b>ЭПК</b>	Элективті пәндер каталогы
<b>ҚР ҒЖБМ</b>	ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі
<b>СҚЕЖАБ</b>	Сапаны қамтамасыз ету және аккредиттеу басқармасы
<b>БББ</b>	Білім беру бағдарламасы
<b>ТК</b>	Тіркеу кеңсесі
<b>ЖООКБББ</b>	Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бөлімі
<b>ЖООКББ</b>	Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру

<b>ЖЖООКБББ</b>	Жоғары білім және Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары
<b>ПОҚ</b>	Профессор-оқытушылық құрам
<b>ҚР</b>	Қазақстан Республикасы
<b>ОН</b>	Оқыту нәтижесі
<b>ЖОЖ</b>	Жұмыс оқу жоспары
<b>ҚБ</b>	Құрылымдық бөлімше
<b>ОӘӘ</b>	Оқу-әдістемелік әдебиет
<b>ПОӘҚ</b>	Пәнді оқу-әдістемелік қамтамасыз ету
<b>ОӘЖ</b>	Оқу-әдістемелік жұмыс
<b>ББББ</b>	Білім беру бағдарламаларын басқару
<b>ТФ</b>	Технология факультеті
<b>ЭжБФ</b>	Экономика және бизнес факультеті
<b>ИжАТФ</b>	Инжиниринг және ақпараттық технологиялар факультеті
<b>ESG</b>	Еуропалық жоғары білім кеңістігінде сапаны қамтамасыз ету стандарттары мен нұсқаулықтары

## 7. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

7.1 Осы Ережеде «Қ. Құлажанов атындағы ҚазТБУ» АҚ Академиялық сапа жөніндегі кеңестің және факультеттердің академиялық сапа жөніндегі комиссиялары қызметінің негізгі қағидаттары мен функциялары баяндалады.

7.2 Ереже Болон процесінің параметрлеріне сәйкес кредиттік технология бойынша білім беру процесін қамтамасыз ететін барлық ҚБ арналған.

7.3 Академиялық сапа жөніндегі кеңесі және факультеттердің академиялық сапа жөніндегі комиссиялары – ЖЖООКБББ мазмұны мен іске асыру шарттары, бағалау саясаты және басқа да академиялық мәселелер бойынша шешім қабылдау, білім алушыларға ЖЖООКБББ және (немесе) пәндердің/модульдердің сапасына сәйкестігін, академиялық адалдықты бұзу фактілерінің болуын және басқа да академиялық мәселелер бойынша сауалнама жүргізу мақсатында тиісінше Университет және факультеттер деңгейінде құрылған тұрақты жұмыс істейтін алқалық-кеңесші органдар болып табылады.

## 8. АКАДЕМИЯЛЫҚ САПА ЖӨНІНДЕГІ КЕҢЕСТІҢ ҚЫЗМЕТІ

8.1 Академиялық сапа жөніндегі кеңес қызметінің мақсаты – Университетте академиялық қызметтің сапасын қамтамасыз ету және оқыту процестері саласындағы саясатты қалыптастыру және іске асыру.

8.2 Академиялық сапа жөніндегі кеңес қызметінің негізгі міндеттері:

8.2.1 ЖЖООКБББ іске асыру және тиісті процестерді ұйымдастыру саласындағы сапалы өзгерістерге жәрдемдесу;

8.2.2 Университеттің ЖЖООКБББ бәсекеге қабілеттілігін және көрсетілетін білім беру қызметтерінің сапасын арттыру;

8.2.3 білім алушылар үшін де, ПОҚ үшін де қолайлы дамытушы білім беру ортасын құру;

8.2.4 академиялық еркіндік, жауапкершілікті жекелендіру, академиялық ашықтық пен адалдық, білім сапасын басқару қағидаттарына негізделген тиімді ішкі академиялық менеджментті қамтамасыз ету;

8.2.5 оқыту және оқыту сапасын қамтамасыз ету, академиялық ашықтық пен адалдық саласында мониторингтік функцияларды жүзеге асыру.

8.3 Академиялық сапа жөніндегі кеңес:

8.3.1 білім беру қызметінің ішкі сапасын қамтамасыз ету саясатын тұжырымдайды және мерзімді қайта қарайды;

8.3.2 білім беру қызметінің ішкі сапасын қамтамасыз ету жүйесін басқаруға және факультеттер мен ҚБ жоспарланған іс-шараларды оқу орнышілік білім беру қызметінің сапасын қамтамасыз ету жүйесі шеңберінде орындауына мониторинг жүргізеді;

8.3.3 білім беру қызметінің ішкі сапасын қамтамасыз ету жүйесінің жаңа элементтері мен әдістерін зерделейді және қарауға енгізеді;

8.3.4 факультеттердің академиялық сапа жөніндегі комиссияларының жұмысын үйлестіреді;

8.3.5 Академиялық саясатқа ұсыныстар мен толықтырулар енгізеді.

8.4 Академиялық сапа жөніндегі кеңестің өз құзыретіне жататын мәселелер бойынша шешімдері Университеттің ҚБ үшін міндетті болып табылады.

8.5 Академиялық сапа жөніндегі кеңестің негізгі қызметтері:

8.5.3 білім беру сапасын қамтамасыз ету бөлігінде Университеттің академиялық қызметін реттейтін ішкі нормативтік базаны жетілдіру;

8.5.4 білім беру қызметінің жоғары оқу орнышілік сапасын қамтамасыз ету жүйесінің ұйымдастырушылық құрылымын әзірлеу және мерзімді талдау;

8.5.5 Университет іске асыратын білім беру қызметтерінің сапасына мониторинг жүргізу процесін ұйымдастыру және үйлестіру;

8.5.6 білім беру қызметінің ішкі сапасын қамтамасыз ету жүйесін ұйымдастыру бойынша халықаралық тәжірибені зерделеу және Университеттің академиялық қызметіне енгізу;

8.5.7 факультеттердің академиялық сапа жөніндегі комиссияларының есептерін тұрақты негізде қарау, олардың қызметін жақсарту бойынша ұсыныстар әзірлеу;

8.5.8 академиялық сапаны жетілдіру мақсатында ұлттық және шетелдік агенттіктердің Университеттің білім беру қызметінің сапасына сыртқы мониторинг нәтижелерін және ұлттық және халықаралық рейтингтердегі позициясын талдау және талқылау;

8.5.9 Академиялық сапа жөніндегі кеңестің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша Университет басшылығына ұсыныстар әзірлеу.

8.6 Академиялық сапа жөніндегі кеңестің құрамы және қалыптастыру тәртібі:

8.6.3 Академиялық сапа жөніндегі кеңесі ПОҚ және ӘБҚ қатарындағы Университет қызметкерлерінен, білім алушылардан, факультеттердің академиялық сапа жөніндегі комиссияларының төрағалары мен мүшелерінен қалыптастырылады және ректордың бұйрығымен бекітіледі. Академиялық сапа жөніндегі кеңестің құрамы жылына кемінде бір рет қайта қаралады.

8.6.4 Академиялық сапа жөніндегі кеңесі отырысын өткізу үшін жалпы мүшелер санының кемінде үштен екісінің қатысуы кворум болып саналады.

8.6.5 Академиялық сапа жөніндегі кеңестің құрамына: Төраға, төраға орынбасары, мүшелер және Академиялық сапа жөніндегі кеңестің хатшысы кіреді.

8.6.6 Академиялық сапа жөніндегі кеңестің құрамына оның мүшелері қатарынан қалыптастырылатын академиялық процесті оқу-әдістемелік сүйемелдеу жөніндегі сараптамалық топ кіреді.

8.7 Академиялық сапа жөніндегі кеңестің жұмыс регламенті:

8.7.3 Академиялық сапа жөніндегі кеңестің отырыстары жазғы демалыс кезеңін қоспағанда, үш айда бір реттен сиретпей өткізіледі. Кезектен тыс отырыстар төрағаның немесе Академиялық сапа жөніндегі кеңесі мүшелерінің ұсынысы бойынша немесе академиялық мәселелерді жедел шешу қажет болған жағдайларда өткізілуі мүмкін.

8.7.4 Академиялық сапа жөніндегі кеңестің төрағасы Университеттің ПОҚ және ӘБҚ өкілдерін, практиктерді, сондай-ақ басқа да тұлғаларды жұмысқа тартуға құқылы.

8.7.5 Академиялық сапа жөніндегі кеңестің төрағасы болмаған жағдайда, отырыс орынбасарының немесе Төраға делегат еткен мүшелердің бірінің басшылығымен

өткізіледі.

8.7.6 Академиялық сапа жөніндегі кеңестің хатшысы күн тәртібін дайындауға, отырыс өткізудің жоспарланған күніне дейін материалдарды жинауға және таратуға, академиялық сапа жөніндегі кеңесі отырыстарының хаттамаларын жүргізуге және сақтауға жауапты болады.

8.7.7 Академиялық сапа жөніндегі кеңестің шешімдері ашық дауыс беру арқылы көпшілік дауыспен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда, төрағалық етушінің дауысы шешуші болып табылады және отырыс хаттамасымен ресімделеді және академиялық сапа жөніндегі кеңестің мүшелеріне, сондай-ақ танысу және іске асыру үшін өзге де тұлғаларға жіберіледі.

8.7.8 Кеңес отырыстарының хаттамалары отырыстар өткізілген күннен бастап үш жыл ішінде академиялық сапа жөніндегі кеңестің хатшысымен сақталуға тиіс және көрсетілген мерзім өткеннен кейін Университет мұрағатына берілуге тиіс.

8.8 Академиялық сапа жөніндегі кеңесі өз қызметінде Университеттің Ғылыми кеңесіне есеп береді.

8.9 Академиялық сапа жөніндегі кеңестің тиісті оқу жылына арналған жұмыс жоспары Ғылыми кеңестің шешімімен бекітіледі.

8.10 Академиялық сапа жөніндегі кеңестің төрағасы жыл сайын Кеңестің атқарған жұмысы туралы Ғылыми кеңеске есеп береді.

8.11 Академиялық сапа жөніндегі кеңесі факультеттердің академиялық сапа жөніндегі комиссияларының жұмысын үйлестіреді және олардың қызмет бағыттары бойынша мониторингті жүзеге асырады.

## **9. ФАКУЛЬТЕТТЕРДІҢ АКАДЕМИЯЛЫҚ САПА ЖӨНІНДЕГІ КОМИССИЯЛАРЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІ**

9.1 Факультеттердің академиялық сапа жөніндегі комиссиялары қызметінің мақсаты – ЖЖООКБББ мазмұны мен іске асыру шарттары, бағалау рәсімі мен прокторинг, сондай-ақ факультеттердің басқа да академиялық мәселелері бойынша шешім қабылдау; стейкхолдерлерге (білім алушылар, профессорлық-оқытушылық құрам (ПОҚ), түлектер, жұмыс берушілер) ЖЖООКБББ және (немесе) пәндердің/модульдердің сапасына сәйкестігі, академиялық адалдықты бұзу фактілерінің болуына қатысты сауалнама жүргізуді ұйымдастыру.

9.2 Факультеттердің академиялық сапа жөніндегі комиссияларының қызметі ESG келесі стандарттарын және нұсқаулықтарын іске асыруға және қамтамасыз етуге бағытталған:

- 9.2.1 сапаны қамтамасыз ету саласындағы саясат;
- 9.2.2 бағдарламаларды әзірлеу және бекіту;
- 9.2.3 студентке бағытталған оқыту, білім беру және бағалау;
- 9.2.4 білім алушыларды қабылдау, үлгерім, тану және сертификаттау;
- 9.2.5 оқытушы құрамы;
- 9.2.6 оқу ресурстары және білім алушыларды қолдау жүйелері;
- 9.2.7 ақпаратты басқару;
- 9.2.8 жұртшылықты хабардар ету;
- 9.2.9 бағдарламаларға тұрақты мониторинг және мерзімді бағалау;
- 9.2.10 мерзімді сыртқы сапаны қамтамасыз ету.

9.3 Факультеттердің академиялық сапа жөніндегі комиссиялары қызметінің негізгі міндеттері:

9.3.1 білім алушыларға, ПОҚ-ға, жұмыс берушілерге және серіктестерге жүргізілген сауалнамалар нәтижелері бойынша түзету іс-қимылдары жоспарларын талдауға және орындауға баса назар аудара отырып, оқыту сапасына мониторингті ұйымдастыру және өткізу; силлабустардың және басқа да оқу-әдістемелік материалдардың сапасын бағалау.

Мониторинг оқу сабақтарының барлық түрлерін, оның ішінде ашық және көрсетілімді сабақтарды ұйымдастыру және өткізу сапасын бақылау шеңберінде жүргізілуі мүмкін: ПОҚ лауазымдарына кандидаттарды іріктеу бойынша конкурстық комиссия жұмыс істеген кезде ПОҚ оқу сабақтарын өткізу сапасын бақылау;

9.3.2 ПОҚ-ның өз функционалдық міндеттеріне адал қарамау фактілерін анықтау бойынша профилактикалық бақылауды жүзеге асыру;

9.3.3 мониторинг барысында анықталған ескертулер мен кемшіліктерді ПОҚ-ның жоюы бойынша, сондай-ақ кафедралардың оқыту сапасын арттыру бойынша қабылдайтын шараларының уақтылылығы мен жеткіліктілігі бойынша тексеруден кейінгі бақылауды жүргізу;

9.3.4 білім алушыларға ЖЖООКБББ және/немесе пәндердің/модульдердің сапасына сәйкестігіне, академиялық адалдықты бұзу фактілерінің болуына қатысты сауалнама жүргізуді ұйымдастыру;

9.3.5 жұмыс берушілерге, түлектерге және ПОҚ-ға ЖЖООКБББ сапасына сәйкестігіне қатысты сауалнама жүргізуді ұйымдастыру

9.3.6 ЖЖООКБББ, оның ішінде қос дипломдық бағдарламаларды әзірлеуге қатысу; білім беру бағдарламаларының мазмұнына өзгерістер мен толықтырулар енгізу, білім беру бағдарламаларын құру немесе тарату туралы шешімдер қабылдау; практикамен байланысты күшейту үшін индустриямен серіктестік қарым-қатынастарды дамыту;

9.3.7 сыртқы практика сарапшыларын және академиялық ортаны тарта отырып, ЖЖООКБББ сапасын бағалау (олардың еңбек нарығының қажеттіліктеріне сәйкестік дәрежесін анықтау; қолданыстағы білім беру бағдарламаларын, әлеуетін талдау және білім беру бағдарламаларын әзірлеуді жақсарту қағидаттарын анықтау; ЖБ беру бағдарламаларының мазмұны бойынша басымдықтар мен сапалы шараларды анықтау (даму жоспары), ЖБ беру бағдарламаларының мазмұны мен іске асыру шарттары бойынша ұсыныстар дайындау және шешімдер қабылдау және оларды жетілдіру бойынша ұсыныстар);

9.3.8 білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың нақты параметрлерінің саясатын айқындау; аралық және қорытынды аттестаттаудың тиімділігін талдау (емтихан материалдарының сапасы, дипломдық жұмыстардың/дипломдық жобалардың, магистрлік диссертациялардың тақырыбының өзектілігі);

9.3.9 білім алушылардың сабаққа қатысуын және үлгерімін талдау; білім алушыларды ынталандыру жүйесі бойынша ұсыныстар әзірлеу; академиялық адалдық қағидаттарын бұзу фактілерін қарау;

9.3.10 білім алу, оқыту, білім беру қызметтерін көрсету сапасы мәселелері бойынша білім алушылар мен ПОҚ өтініштері мен хабарламаларын қарау;

9.3.11 факультеттің ағымдағы академиялық мәселелерін шешу.

9.4 Факультеттердің академиялық сапа жөніндегі комиссияларының құрамы және қалыптастыру тәртібі:

9.4.1 Факультеттердің академиялық сапа жөніндегі комиссиялары ПОҚ және ӘБҚ, сондай-ақ факультет білім алушылары қатарынан қалыптастырылады. Факультеттердің академиялық сапа жөніндегі комиссияларының құрамы факультет декандарының ұсынысы бойынша ректордың бұйрығымен бекітіледі және жылына кемінде бір рет қайта каралады.

9.4.2 Факультеттердің академиялық сапа жөніндегі комиссиялары отырысын өткізу үшін жалпы мүшелер санының кемінде үштен екісінің қатысуы кворум болып саналады.

9.4.3 Факультеттердің академиялық сапа жөніндегі комиссияларының құрамына: Төраға, төраға орынбасары, мүшелер және хатшы кіреді.

9.4.4 Факультеттердің академиялық сапа жөніндегі комиссияларының құрамына факультеттердің академиялық сапа жөніндегі комиссиялары мүшелерінің қатарынан қалыптастырылатын академиялық процесті оқу-әдістемелік сүйемелдеу бойынша сараптамалық топ кіреді.

9.5 Факультеттердің академиялық сапа жөніндегі комиссияларының жұмыс регламенті:

9.5.1 Факультеттердің академиялық сапа жөніндегі комиссияларының отырыстары жазғы демалыс кезеңін қоспағанда, үш айда бір реттен сиретпей өткізіледі. Кезектен тыс отырыстар төрағаның немесе факультеттердің академиялық сапа жөніндегі комиссиялары мүшелерінің ұсынысы бойынша немесе академиялық мәселелерді жедел шешу қажет болған жағдайларда өткізілуі мүмкін.

9.5.2 Факультеттердің академиялық сапа жөніндегі комиссияларының төрағасы факультеттің ПОҚ және ӘБҚ өкілдерін, практиктерді, сондай-ақ басқа да тұлғаларды жұмысқа тартуға құқылы.

9.5.3 Факультеттердің академиялық сапа жөніндегі комиссияларының төрағасы болмаған жағдайда, отырыс орынбасарының немесе Төраға делегат еткен мүшелердің бірінің басшылығымен өткізіледі.

9.5.4 Факультеттердің академиялық сапа жөніндегі комиссияларының хатшысы күн тәртібін дайындауға, отырыс өткізудің жоспарланған күніне дейін материалдарды жинауға және таратуға, факультеттердің академиялық сапа жөніндегі комиссиялары отырыстарының хаттамаларын жүргізуге және сақтауға жауапты болады.

9.5.5 Факультеттердің академиялық сапа жөніндегі комиссияларының шешімдері ашық дауыс беру арқылы көпшілік дауыспен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда, төрағалық етушінің дауысы шешуші болып табылады және отырыс хаттамасымен ресімделеді және факультеттердің академиялық сапа жөніндегі комиссияларының мүшелеріне, сондай-ақ танысу және іске асыру үшін өзге де тұлғаларға жіберіледі.

9.5.6 Факультеттердің академиялық сапа жөніндегі комиссияларының қабылданған шешімдері академиялық сапа жөніндегі кеңестің талқылауына шығарылады, олардың нәтижелері бойынша білім беру процесін ұйымдастыруды жетілдіру, білім беру бағдарламаларын іске асыру сапасын арттыру жөніндегі іс-шаралар, жаңа ЖЖООКБББ бекітуге ұсыныстар әзірленеді.

9.5.7 Факультеттердің академиялық сапа жөніндегі комиссиялары отырыстарының хаттамалары хатшымен отырыстар өткізілген күннен бастап үш жыл ішінде сақталуға тиіс және көрсетілген мерзім өткеннен кейін Университет мұрағатына берілуге тиіс.

9.5.8 Факультеттердің академиялық сапа жөніндегі комиссиялары өз қызметінде Университеттің Академиялық сапа жөніндегі кеңесіне есеп береді.

9.5.9 Факультеттердің академиялық сапа жөніндегі комиссияларының төрағасы жыл сайын атқарған жұмысы туралы академиялық сапа жөніндегі кеңесіне есеп береді.

## 10. ҚҰҚЫҚТАР

10.1 Академиялық сапа жөніндегі кеңесі/факультеттердің академиялық сапа жөніндегі комиссиялары құқылы:

10.1.1 Өз құзыреті шегінде ҚБ және жекелеген Университет/факультет қызметкерлеріне ЖЖООКБББ, пәнді оқу-әдістемелік қамтамасыз етудің, сабақтардың, оқыту нысандары мен әдістерінің сапасын жақсарту мәселелері бойынша ұсыныстар беруге.

10.1.2 Академиялық сапа жөніндегі кеңестің/факультеттердің академиялық сапа жөніндегі комиссияларының құзыретіне жататын мәселелер бойынша Университет басшылығына ақпарат беруге.

10.2 Академиялық сапа жөніндегі кеңестің/факультеттердің академиялық сапа жөніндегі комиссияларының мүшелері құқылы:

10.2.1 Білім деңгейлерінің сапасы мен сабақтастығын қамтамасыз ету үшін ЖЖООКБББ, оқу жоспарларын, силлабустарды, ЭПК, ПОӘҚ жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізуге;

10.2.2 ЖЖООКБББ іске асыру шеңберінде ПОҚ жұмысына объективті баға беру үшін қажетті құжаттарды сұратуға;

10.2.3 Жекелеген тапсырмаларды орындау үшін академиялық сапа жөніндегі

кеңестің/факультеттердің академиялық сапа жөніндегі комиссияларының мүшесі болып табылмайтын Университет/факультет ПОҚ-ын тартуға;

10.2.4 Оқу-әдістемелік материалдарға сараптама жүргізу, білім беру қызметіне, академиялық сапа жөніндегі кеңесі/факультеттердің академиялық сапа жөніндегі комиссиялары өз қызметін жүзеге асыру үшін құратын жұмыс топтарының/комиссияларының жұмысына қатысу үшін үшінші тарап ұйымдарының мамандарын шақыруға.

### **11. ПРОЦЕСКЕ БАЙЛАНЫСТЫ ТӘУЕКЕЛДЕР ЖӘНЕ ТӘУЕКЕЛДЕРДІҢ АЛДЫН АЛУ ӘРЕКЕТТЕРІ**

<b>11.1 Тәуекелдер мыналарға байланысты:</b>	<b>11.2 Тәуекелдердің алдын алу бойынша іс-қимылдар:</b>
<ul style="list-style-type: none"> <li>құжатталған ақпаратты дұрыс басқармау;</li> <li>тиісті емес байланыс, құжатталған ақпараттың ішкі және сыртқы алмасуының нашар жұмыс істейтін арналары;</li> <li>қызметкерлердің қабілетсіздігі.</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>уақтылы тарату, мүдделі тұлғалардың қолжетімділігін қамтамасыз ету, өзгерістерді бақылау, құпиялылық, Сайтта және ақпараттық стендтерде тек PDF форматында электрондық нұсқаларды орналастыру;</li> <li>қызметкерлерге құжаттау ережелері туралы қосымша ақпарат беру.</li> </ul>

### **12. ЖАУАПҚЕРШІЛІК ЖӘНЕ ӨКІЛЕТТІК**

12.1 Осы Ережені әзірлеуді және қолданысқа енгізуді ұйымдастыруға ББББ басшысы жауапты болады.

12.2 ҚБ және лауазымды тұлғалардың құжатталған ақпаратты басқару бойынша өкілеттіктерді бөлу:

<b>Бөлімше</b>	<b>Өкілеттіктер</b>
Академиялық сапа жөніндегі кеңестің төрағасы және факультеттердің академиялық сапа жөніндегі комиссияларының төрағасы	<ul style="list-style-type: none"> <li>академиялық сапа жөніндегі кеңестің / Факультеттердің академиялық сапа жөніндегі комиссияларының жұмыс жоспарын бекіту және орындау;</li> <li>жұмыс жоспарына уақтылы өзгерістер енгізу және оларды бекітуге ұсыну;</li> <li>осы ережеге сәйкес өз құзыретіне жатқызылған функцияларды орындау;</li> <li>академиялық сапа жөніндегі кеңестің / Факультеттердің академиялық сапа жөніндегі комиссияларының қызметіне басшылық ету;</li> <li>академиялық сапа жөніндегі кеңестің / Факультеттердің академиялық сапа жөніндегі комиссияларының отырыстарын өткізу.</li> </ul>
Академиялық сапа жөніндегі кеңес пен комиссия хатшысы	<ul style="list-style-type: none"> <li>отырыстар өткізуді ұйымдастырады;</li> <li>факультеттердің академиялық сапа жөніндегі кеңес/ академиялық сапа жөніндегі комиссия мүшелері үшін ақпараттық-технологиялық алаңды, оның ішінде қол жетімді коммуникация құралдары арқылы өзара іс-қимылды қолдауды қамтамасыз етеді.</li> </ul>
Академиялық сапа жөніндегі кеңес және комиссия мүшелері	<ul style="list-style-type: none"> <li>қойылған міндеттерді тиісінше орындау;</li> <li>дербес және/немесе жиынтық деректерді өңдеу бөлігінде ақпаратты жария етпеу;</li> <li>университеттің ішкі құжаттарына сәйкес сапаны қамтамасыз ету және мониторинг жүргізу тәртібін сақтау;</li> <li>құжаттаманың сақталуы.</li> </ul>

ББББ	<ul style="list-style-type: none"><li>• құжатталған ақпаратты өзектендіру;</li><li>• құжатталған ақпараттың сапа саласындағы стандарттар талаптарына сәйкестігін тексеру;</li><li>• бақылау даналарын тіркеу, ескі құжаттарды алу;</li><li>• СМЖ құжатталған ақпаратын мұрағаттау;</li><li>• академиялық сапа жөніндегі кеңестің және факультеттердің академиялық сапа жөніндегі комиссияларының құрамын бекіту туралы бұйрықтың жобасын қалыптастыру және бекітуге ұсыну;</li><li>• академиялық сапа жөніндегі кеңестің жұмыс жоспарын қалыптастыру және бекітуге ұсыну, оның қызметі шеңберінде іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу.</li></ul>
------	---



